Таким образом, интернет-текст является принципиально новым типом текста, в частности и новым типом медиа́текста, имеющим специфические текстовые параметры, отличающие его от классического линейного текста доинтернетовской эпохи.

(Исследование выполнено при финансовой поддержке РФФИ в рамках научного проекта № 20-012-00077 А «Креативная функция языка в интернет-коммуникации»)

Список литературы

1. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – 4-е изд. стер. -Москва: URSS, 2006. -137 с.
2. Валгина Н.С. Теория текста. – Москва: Логос, 2003. –173с.
3. Клушина Н.И. Медиастистика. – Москва: Флинта, 2018. – 184с.

4. Казак М.Ю. Специфика современного медиатекста 2015 [Электрон. ресурс]. – URL: http://dspace.bsue.edu.ru/bitstream/123456789/8687/1/Kazak_Spetsifika.pdf (Дата обращения: 14.08.2020).
5. Добросклонская Т.Г. Медиалингвистика: системный подход к изучению языка СМИ. – Москва: Флинта: Наука, 2008. – 203 с.
6. Современный медиатекст: учебное пособие / отв. ред. Н.А. Кузьмина. – Омск: Полиграфический центр «Татьяна», 2011. – 414 с.

References

1. Galperin I.R. Tekst kak obyekt lingvisticheskogo issledovaniya [Text as an object of linguistic research] – 4-ye izd. ster. [4th edition] (Moscow, URSS, 2006, 137 p.). [in Russian]
2. Valgina N.S. Teoriya teksta [Theory of text] (Moscow, Logos, 2003, 173 p.). [in Russian]
3. Klushina N.I. Mediastilistika [Mediastilistics] (Moscow, Flinta, 2018, 184 p.). [in Russian]
4. Kazak M.Yu. Specifika sovremennogo mediateksta, 2015 [Specificity of modern media text], [Elektronic resource]. Available at: http://dspace.bsue.edu.ru/bitstream/123456789/8687/1/Kazak_Spetsifika.pdf (Accessed: 14.08.2020). [in Russian]
5. Dobrosklonskaya T.G. Medialingvistika: sistemnyj podhod k izucheniyu yazyka SMI [Media linguistics: a systematic approach to learning the media language] (Moscow, Flinta:Nauka, 2008, 203 p.). [in Russian]
6. Sovremennyj mediatekst: uchebnoe posobie / отв. red. N. A. Kuzmina [Modern media text: tutorial / отв. ed. N.A. Kuzmina] (Omsk, Poligraficheski centr «Tatyana», 2011, 414 p.). [in Russian]

Н.И. Клушина

*М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті,
Мәскеу, Ресей*

Қазіргі медиастистикадағы интернет-мәтін

Аңдатпа. Қазіргі лингвистикада (атап айтқанда, медиастистикада) мәтіннің жаңа түрі – интернет-мәтіннің мәртебесін анықтау қажеттілігі туындады. Бұл зерттеудің мақсаты – интернет-мәтіннің дефинициясын тұжырымдау және оның дифференциалдық белгілерін анықтау болып табылады. Жұмыстың өзектілігі – бұқаралық коммуникация орталығына массмедияның басқа түрлерінен ерекше технологиялық және лингвистикалық параметрлері бар интернет-коммуникацияны ұсыну арқылы анықталады. Зерттеудің жаңалығы – интернет-мәтіннің мәртебесін айқындау, сондай-ақ, қазіргі заманғы медиатексттердің авторлық типологиясын құру, әрі, олардың базалық санаттық белгілерін нақтылау сияқты ғылыми проблеманың өзімен байланысты. Мақалада аяқталған мағыналық бірлік ретінде түсінілетін классикалық мәтін интернет кеңістігінде елеулі өзгерістерге ұшырайды деген ғылыми болжам дәлелденеді. Интернет кеңістігіндегі медиатекст – желінің феноменологиялық ерекшеліктеріне бейімделеді және ерекше медиалық қоспалар (интерактивтілік, сызықтық емес, аяқталмаған және т.б.) алады, бұл өз кезегінде оның жанрлық және стилистикалық құрылымына күшті әсер етеді. Зерттеудің негізгі тұжырымдары – қазіргі филология ғылымында Интернет байланысын зерделеу үшін перспективалы медиа-стилистиканың жаңа саласы - Интернет стилистикасының пайда болуын сипаттау. Интернет-стилистиканың негізін кітап мәдениетінің классикалық мәтіндерінен де, дәстүрлі медиада (баспасөз, радио, теледидар) жұмыс істейтін медиатекстерден де ерекшеленетін ерекше түрдегі медиатекстер (оларды интернет-мәтіндер деп атауға болады) құрайды. Интернет-мәтін классикалық мәтіннің жетекші параметрлерін сақтай отырып, интернет-коммуникацияның жаңа технологиялық ерекшеліктеріне байланысты ерекше сипаттамалар алады.

Түйін сөздер: классикалық мәтін, медиатекст, интернет-мәтін, стилистика, интернет-стилистика, медиастилистика.

N.I. Klushina

Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia

Internet-text in modern media stylistics


Abstract. In modern linguistics (text style in particular) there is a need to define the status of a new type of text - Internet text. The purpose of this study is to formulate a definition of Internet text and determine its differential features. The rationale for this work is determined by the fact that internet communication is in the center of mass communication. Internet communication has special technological and linguistic parameters that distinguish it from other types of media. The novelty of the research is based both by the statement of the scientific problem - the definition of the status of the Internet text, and in the creation of the author's typology of modern media texts, as well as the specification of their basic categorical characteristics. The article proves the scientific hypothesis that the classical text, understood as a complete semantic unity, is undergoing serious changes in the Internet space. Media text in the Internet space adapts to the phenomenological features of the Web and receives special media additives (interactivity, nonlinearity, incompleteness, etc.), which in turn, has a strong impact on its genre and stylistic structure. The main conclusions of the study are that in modern philological science is emerging promising for the study of Internet communication new area of stylistics - Internet style. The basis of Internet stylistics are media texts of a special type (they can be called Internet texts), which differ from both classical texts of book culture and from media texts functioning in traditional media (print, radio, television). Internet text, preserving the leading parameters of the classic text, gets special characteristics associated with the new technological features of Internet communication.

Keywords: classical text, media text, internet text, stylistics, internet stylistics

Сведения об авторе:

Клушина Наталья - доктор филологических наук, профессор факультета журналистики Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова, Москва, Россия.

Klushina Nataliya - Doctor of Philology, Professor of the Faculty of Journalism, Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia.



XFTAP 19.41.09

Э.Е. Ибраева¹
Э. Кылычбаева²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек, Қырғызстан
(E-mail: astana07@yandex.ru¹, elmira.zakiraliyeva@gmail.com²)

Жанұзақ Жәнібековтің медиаменеджерлік қызметі

Аңдатпа. Мақалада Алаш қайраткері Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібековтің 1926-1929 жылдар аралығында Ақтөбе қаласында шыққан «Кедей» газетіндегі редакторлық қызметі қарастырылады. Басшы ретінде редакция жұмысын тиімді үйлестіру, газет аудиториясының сұранысын айқындау, халықпен кері байланыс орнату, сондай-ақ, басылымның таралымын ұлғайту бағытындағы Жанұзақ Әлжанұлының стратегиялық жұмыстары пайымдалады. Сонымен бірге, қайраткердің газет редакторы ретінде өңірлердегі тілшілердің жұмысын ұйымдастыру, елден хабар алғызу, басылымның алдағы санының материалдарының тақырыптық бағытын айқындау секілді ұйымдастырушылық қыры сөз болады.

Алаш қайраткері Жанұзақ Жәнібековтің «Кедей» газетін басқарған кездегі менеджерлік шеберлігі нақты ғылыми дәйектер мен тарихи сандар арқылы тұжырымдалып, деректеледі.

Мақалада «Кедей» газетінің түпнұсқа тізінділерінен алынған мұрағаттық материалдармен статистикалық мәліметтер ғылыми тұрғыда сараланып, зерделенді.

Түйін сөздер: алашорда, Жанұзақ Жәнібеков, редактор, менеджер, қайраткер, баспасөз.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-132-3-32-39>

Түсті: 21.09.20 / Қайта түзетілді: 28.09.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 30.09.20

Кіріспе. «Алаш» ұғымы қазақ үшін қашан да аяулы, қашан да қасіретті. Алаш кезеңі мен Алаш қайраткерлері туралы сөз қозғайтын болсақ, Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынына» бір тоқталуды жөн көреміз.

Аталған тарихи еңбектің «Алаш мұрасы және осы заман» атты бөлімінде Елбасы алаш мұраларына терең мән беріп, өміршеңдігін айқындап берген болатын.

«Егер жиырмасыншы ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының тұлға танытып үлгергенін байқаймыз. Сол айтулы есім-

дердің білімдарлық хәм азаматтық тәлімдері кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, бүгінгі қазақ зиялылары беруге тиіс» [1], – деп атап өткен «Тарих толқынында» жинағында.

Тәуелсіздік алған жылдардан кейін Алаш кезеңі кешенді зерттеле бастады. Бір ғана «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында отандық зерттеушілер мен алашта-нушы-ғалымдар қыруар еңбек атқарды.

Атап өтер болсақ, т.ғ.д., профессор Т. Жұртбайдың «Алаш қозғалысы» үш томдығы [2], Журналистика мәселелерін зерттеу

институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Н. Омашевтің жетекшілігімен жарық көрген «Алаш көсемсөзінің» онтомдығы [3], Арыс» қорының «Алаш мұрасы» сериясымен жарық көрген «Қазақ» газеті 1913» [4], «Қазақ» газеті 1914» [5] жинақтары, сондай-ақ, Алаш кезеңіне бағытталған сүбелі еңбектердің қатарында Х. Есенқарақызының жетекшілігімен жарық көрген «Ақ жол» жинағының көптомдығы [6], Қ. Сақтың жетекшілігімен жарық көрген «Алаш көсемсөзі» көптомдығы [7] және Д. Қамзабекұлының, Е. Тілешовтің, С. Жұмағұловтың және т.б. алаштанушы, ғалым-профессорлардың еңбектерін атап өтуге болады.

Зерттеу жұмысының міндеті. Деректерге сүйенсек, қасіретті кезеңде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 105 000 алаш ардақтылары анықталған. Бүгінгі ұрпақ сол қайраткерлердің 500-ге жуығының ғана есімімен таныс. Ал, қалған көпшілігінің еңбектері жүйелі зерттелінбеген.

Күні бүгінге дейін есімі көпке белгісіз болып келген алашордалықтардың бірі – Жанұзақ Жәнібеков. Жанұзақ Әлжанұлының «Кедей» газетіндегі редакторлық қызметін зерттеп, зерделеу – мақаланың негізгі міндеті болып саналады.

Зерттеу жұмысының мақсаты. «Кедей» газетінің Жанұзақ Жәнібеков редакторлық жасаған тігінділерін зерттеп, ғылыми тұрғыда талдау және қайраткердің редакция жұмысын ұйымдастырудағы басшылық шеберлігін саралап, тарихи еңбегіне баға беру.

Зерттеу жұмысының тарихы. Алаш қайраткері Жанұзақ Жәнібековтің өміріне қатысты Ақмола облыстық мұрағатындағы қылмыстық іс материалдарының деректеріне сүйенсек:

Жәнібеков Жанұзақ Әлжанұлы Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында 1889 жылы дүниеге келген. Петропавл қаласында 1905-1911 жылдары ауыл молдасынан білім алған. Баспаханада 1912 жылдың күз айынан 1913 жылдың мамыр айына дейін әріп теруші қызметін атқарды. Орынбор қаласына 1913 жылы қоныс аударып, «Қазақ» (1913-1918) газетінде корректор қызметін атқарады.

Одан Петропавлға қайта келіп, внешкольный инструктор қызметін атқарады. Жанұзақ Әлжанұлы Ақмола губерниялық комитеті төрағасының орынбасары қызметін 1923 жылы 1924 жылдың күзіне дейін атқарады.

Ж. Жәнібеков «Бостандық туы» газетінің редколлегия мүшелігі қызметін 1924-1926 жылдары, ал 1926 жылдың қараша айында Ақтөбеге көшіп келеді де, 1929 жылға дейін «Кедей» газетінің жауапты редакторы болып тағайындалады.

1929 жылы тамыз айында редакторлық лауазымынан босатылып, 1932 жылға дейін Ақтөбе облысы Шыңғырлау ауданындағы №36 ауылдың мұғалімі болады. 1933 жылы Петропавл қаласына қайтып келеді, бұл жолы алашордалық азамат кооператив техникумының директоры қызметіне тағайындалады.

Алайда, көп ұзамай техникумның қайта құрылуына байланысты «Каззолото» трестіне кадр жөніндегі жауапты атқарушы қызметіне ауыстырылады. 1936 жылдың тамыз айынан бастап, тұтқынға алынғанға дейін «Каззолото» трест жүйесінде Степняк кен орнының поселкелік кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

«Контрреволюциялық ұйымның мүшесі болған, Степняк кен орнында қоғам үшін аса зиянды әрекеттермен айналысты және кеңестік үкіметке қарсы үгіт жүргізген» деген саяси айып тағылып, Жәнібеков Жанұзақ Әлжанұлы 1937 жылдың 28 шілдесінде тұтқынға алынады.

Солтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасының қаулысымен тұтқынға алынған алаш қайраткері 13.09.1937 жылғы қаулымен (№6 хаттама) 58-10 және 58-11 баптары бойынша кінәлі деп табылып, нақақтан ату жазасына кесілді.

НКВД басқармасының үкімінің жүзеге асқан-аспағандығы, алашордалық марқұмның жерленген орны туралы ешқандай дерек табылмады.

Көкшетау облыстық прокуратурасының 27.12.1958 жылғы қаулысымен Солтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы Үштігінің 13.09.1937 жылғы Жанұзақ Жәнібековке қатысты қаулысы жойылған және іс өндірісі қылмыс құрамының жоқтығы себебінен тоқтатылған.

Елі үшін қалтқысыз қызмет ету жолында құрбан болған, алашордалық азамат Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңының 4-ші және 5-ші баптарына сәйкес тоталитарлық режимнің жаппай-саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде ақталады [8].

Шаруа газеті саналатын «Кедей» газеті – 1924 жылдың маусым айы мен 1931 жылдың желтоқсан айының аралығында «Кедей» деген атаумен, ал, 1932 жылдың қаңтар айы мен 1962 жылдың маусым айының аралығында «Социалистік жол» деген атаумен, 1962 жылдың 15-маусымынан бастап «Батыс Қазақстан» деген атаумен өзгертіліп шыға бастады.

«Кедей» газеті – елдегі кедей тап өкілдерінің басылымы болатын.

Зерттеу әдісі. «Кедей» газетінің Ж. Әлжанұлы басшылық еткен тігінділерінен біз редактордың хабарламаларынан бастап, жазбаларының барлығын қосқанда саны 40-қа жуық жарияланымдарын кездестірдік. Осы жарияланымдарын араб жазуынан транскрипциялап, түсініп-пайымдау, талдап-жүйелеу, дедукция, саралау, қорыту және тарихи сандарды анализдеу әдістері арқылы Жанұзақ Жәнібековтің «Кедей» газетіндегі менеджерлік қабілетін ғылыми тұжырымдап, зерделуге қол жеткіздік.

Талқылау. Алашордалық азамат Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков Ақтөбе округтік партия комитеті мен атқару комитетінің баспа органы болған «Кедей» басылымында 1926 жылдың соңынан бастап 1929 жылға дейін жауапты редактор қызметін атқарды.

1-суретте «Кедей» газетінің 1929 жылғы 76-санының 1-ші беті беріліп отыр.



1-сурет – «Кедей» газетінің 1-беті.

Мұрағат материалдарындағы ғылыми-тарихи деректерге сүйенсек, «Кедей» газетінің редакторлары туралы мәліметтерді төменде берілген 1-кестеден көруге болады.

Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков «Кедей» газетіне Д. Джанибеков, кейінірек Ж. Жанибеков деп қол қойып отырған [9].

Шаруа басылымы саналған «Кедей» газетінің беттерінде барлық мақалалар бес бағанға бөліп топтастырылып беріліп отырды.

Көлемі жағынан 4 немесе 6 бетті құрады, басылымның 1927 жылғы 27 және 29-саны, сондай-ақ, 1928 жылғы 6,9,10-нөмірлері 8 бет көлемінде жарық көрген екен.

Ақтөбе округтік партия комитеті мен атқару комитетінің баспа органы қызметін атқарған «Кедей» – батырақтар мен жалшылардың, кедейлер мен еңбекшілердің басылымы болды.

1927 жылғы 1-санында басқарма атынан «Кедей» газетіне жазылу дәптері ашылғаны жазылған. Онда:

«Кедей» – шаруа газеті. Елдегі жарлы-жақыбайлардың мұңы-зарына құлақ салып, оларға ақыл айтып, жөн сілтеп отырады.

«Кедей» – шаруа хаттарына көп орын беріп, әуелі тұрмысын түзу суреттеп, елдің жайын үкіметке білгізіп тұрады.

«Кедей» – елдегі кедей, малай, жетім-жесірдің, қосшы одақтарының тілекшісі. Сондықтан оқушылардың көбі қосшы мүшелері болуына сенеді», – депті.

«Кедей» газетінің бас редакторы Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков газеттің басшысы ретінде басылымның ел ішіне мүмкіндігінше кең таралып, еңбекші кедейлердің қолына жетуіне аса мән берген.

Басылымның оқырман қолына тиюіне және кең таралуына ел ішінен азаматтарды арнайы жұмылдырып отырғанын көреміз. Газеттің таралуына септігі тиіп, ықпал көрсеткен ел азаматтарының атына басқарма атынан газет бетінде алғыс білдіріп отырған.

Бұның барлығы да Жанұзақ Әлжанұлының редакция жұмысын шеберлікпен ұйымдастырып отырғанын аңғартады.

Редактордың осындай ұйымдастырушылық, әрі басшылық қабілетінің қарым-әрекеті өз уақытыменен нәтиже көрсете бастағанын санды деректер айғақтап, дәйектеп береді.

«Кедей» газеті, 1926 жыл	«Кедей» газеті, 1927 жыл	«Кедей» газеті, 1928 жыл
№№115,116, 117- сандарының редакторы – Жанұзақ Жәнібеков	№№1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 және №№ 23-44 аралығындағы сандарының редакторы –Жанұзақ Жәнібеков ал (№№16-22- аралығындағы сандарына редактор ретінде К. Абдуллин қол қойған)	№№1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және №№13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25 және №№30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39 сандарының редакторы –Жанұзақ Жәнібеков ал (№№11,12-сандарына А.Суйінов, №№26, 27, 28, 29, 40, 41, 42-сандарына редактор ретінде К. Абдулин қол қойған)

1-кесте. «Кедей» газетінің 1926-1929 жылдары аралығындағы редакторлары туралы мәлімет.

Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков жауапты редакторлыққа келген 1926 жылдың соңында басылымның әуелгі таралымы 1000 дана ғана болса, 1927 жылдың қаңтар айындағы 1-санынан бастап бұл көрсеткіш 1100-ге, ақпан айындағы 7-санынан бастап 1200-ге, 9-саны 1500-ге, 10- саны 1600-ге, 25- саны 1700-ге, 26- саны 1800-ге, 30- саны 2000-ге, 33- саны 2100-ге, 36- саны 2200-ге, 39- саны 2300-ге, 41- саны 2400-ге, 44- саны 2500-ге дейін көтеріледі.

«Кедей» газетінің 1928 жылдағы алғашқы саны 2600, 13-нөмірі 2620, 19-нөмірі 2700, 30-нөмірінен бастап редакторлық қызметтен босатылғанға дейін 3000 данамен таралған. (1-ші, 2-ші және 3-ші сызбадан қараңыз).

Алаш қайраткері «Кедей» газетіне редактор болып тұрған кезінде басылымның таралымы екі жыл ішінде 1000 данадан 3000 данаға көтеріледі.


Бұл деректер – алаш қайраткері Жанұзақ Жәнібековтің жоғары деңгейдегі біліктілік, басшылық және ұйымдастырушылық қабілетінің айғақты көрсеткіші екені сөзсіз.

Жанұзақ Әлжанұлы жауапты редактор болып тұрған кезінде «Кедей» газетінің материалдары әртүрлі рубрика аясына топтастырылып, жарияланды.


Мәселен, жалпыкеңестік тақырыптағы мақалалар «Кеңестер Одағында» немесе «Одақта», бүкілқазақстандық тақырыпқа ар-



1-сызба. «Кедей» газетінің 1926 жылғы соңғы санының таралым көрсеткіші.



3-сызба. «Кедей» газетінің 1928 жылы шыққан сандарының таралым көрсеткіші.



2-сызба. «Кедей» газетінің 1927 жылы шыққан сандарының таралым көрсеткіші.

налған мақалалар «Қазақстанда», уез-губерниялық материалдар «Губернияда», халықаралық ақпараттар «Шет елдерде», елден келген хабар-ошарлар «Ел хабарлары», кеңестік партия жаңалықтары «Партия, жастар тіршілігі», денсаулық тақырыбына арналған материалдар «Ел саулығы», ауқымды құрылыс жаңалықтары «Кеңес құрылысы», қазақ халқының сол кездегі өзекті тақырыптарының бірі әйелдер мәселесі «Әйел теңдігі», жарлы-жақыбай, кедей тап өкілдерінің белсенді өмірі «Қосшы

одағы», редакцияға келіп түскен хаттар «Шаруа хаттары», сайлау тақырыбы, құрылтайлар мен съездер жиналысы «Сайлау науқаны», егіншілік пен малшаруашылығы, оған қажетті құрал-саймандар мәселесі, түрлі шаруа қожалықтары «Губерниямыздағы шаруа жабдықтары мәселесі», әйелдерге берілетін әртүрлі тақырыптардағы мамандар кеңесі, бала тәрбиесіне байланысты сыр-сұхбаттар «Әйелдер бұрышы» және «Әйелдер арасында», газеттің меншікті тілшілерінің арнайы репортаждары «Тілшілер бұрышында», оқу-білім тақырыбы «Оқу-ағарту ісінде», жаңа әліпбиге көшу мәселесі «Латыншылар бұрышында», әртүрлі салық мәселелері «Шаруа салығында», осы аталған айдарлардың ешқайсысына жатпайтын тақырыптағы дүниелер «Оқшауша», басқармаға келіп түскен хаттарға арнайы әзірленген жауаптар «Басқармадан жауаптар» айдарында жарияланды, сондай-ақ, әртүрлі тақырыптар аясындағы «Сұрақ-жауап» рубрикасы мен «Пайдалы кеңес» рубрикасы тұрақты жүргізіліп отырды.

Партия мен атқару комитетінің міндетті қалыптары мен үндеулері бірінші бетке, жастар тіршілігі, партия, шабындық бөлісі, егістік, мал тұқымын асылдандыру, мал індетінен сақтану секілді жалпы шаруашылық жайы және оқу мәселелері, дәрігерлік, әйел теңдігі, ел саулығы, екінші, үшінші және төртінші беттерге орналастырылды.

Содан кейінгі бетке меншікті тілшілердің елден-жерден жазған хабар-ошарлары, сұрақ-жауап, құлақтандырулар, басқармаға келген хаттар басылды.

Басылым мақалаларының соңына М. Меңдіқұлұлы, Әбішұлы, Қамит, Кендеғали, Әлиұлы, Қ. Ыбырайұлы, Досқұлұлы, Тауқайұлы, Ержанұлы Түлек, Қалқаманұлы, Нұржанұлы, Оспанұлы, Беркімбаи, Нұржанұлы Қали, Құрманәліұлы, Қалиұлы, Бозайұлы, С. Жүнісұлы, Ж. Қапенұлы, А. Шәріпұлы, Сүйінұлы, Ақтайша, Төкеұлы, Т. Көккөзұлы, Жүргенбайұлы, А. Жұбанұлы, Жақсылық, Өмірзақұлы, Ескендірұлы Ахмет, мал дәрігері Мұса, Қаршыға, Қоңырұлы, Ақатай, Ермектайұлы, Баймекенұлы сынды авторлар қол қойып отырған.

Сондай-ақ, «Кедей» газетінің Жанұзақ Әлжанұлы редакторлық еткен тұста төмендегідей бүркеншік есімдермен мақалалар тұрақты жарияланып тұрды:

«К», «Жолдасы», «Шырпы», «Ел баласы», «Қалашы», «Таң қалған», «Қ»-ның немересі», «Жаны ашыған», «Анық білген», «С», «Е.Т», «Көзі көрген», «Қапес», «К.К.», «Көріп отырған», «С.Қ.» секілді бүркеншік есімдердің авторлары қол қойғанын көруге болады.

«Өлең-жыр» айдарынан Ақмалы Қаржауұлының, Жақан Сыздықұлы, Кәрім, Сәбетай, Ескендірұлы Ахмет, «К» сынды ақындардың өлеңдері басылымның орта беттерінен орын алып отырған.

Мал дәрігерлік ем жасау мен денсаулық сақтау мен күту жайында жазылған көлемді мақалаларының соңында Мал дәрігері Мұса, Доктыр «Ш», А. Плоровский, Қ. Омарұлы, Губернелік денсаулық бөлімі Ғалиұлы сынды т.б. авторлардың қол қойғанын байқауға болады.

Бұл арада аңғарғанымыз, салалық тақырып бойынша материалды ашуға арнайы мамандардың үлес қосуға жұмылдырылғандығы анық айғақ.

«Кедей» газетіне Жанұзақ Жәнібеков редактор еткен сандарынан тағы бір жайды аңғаруға болады.

Бас редактор газеттің меншікті тілшілеріне қандай тақырыпта материал әзірлеу керектігі немесе оқырманды бүгінгі таңда қандай жағдайлар қызықтырып, ақпарат алғысы келетіндігі жөнінен нұсқаулық беріп отырғанын көреміз.

Шаруа газеті – «Кедейдің» беттеріндегі басқарма тарапынан берілген нұсқаулар мен тапсырмалар үлкен мәнге ие.

Мәселен, басылымның 1927 жылғы 29-нөміріндегі: «Тілшілер! Шаруалар нені аңыз қылады, жазыңдар!» немесе осы жылғы 30-нөміріндегі егістікті жер бөлу науқанына байланысты жазылған «Тілшілер, үгіт науқанының қалай жүріп жатқанына тезінен жазу керек», сонымен бірге, 1928 жылғы 1-нөмірінде «Тілші! Сайлау науқандарында хабар жазуды күшейт» деген секілді халық арасында болып жатқан жағдайлардан барша халық хабардар болып отыруы үшін басылымның бас редакторы өз бағанында елдегі тілшілер мен журналистерінен жаңалық-хабарларды др кезінде, өз уақытында кешікпей беруін пысықтап отырады.

Тиісті тақырыптардың уақытында көтеріліп, жазылуына да мән беріп, авторларын жұмылдырып отырды.

Қорытынды. Осы сынды Жанұзақ Жәнібековтің редакция жұмысын ұйымдастырудағы шеберлігін жаза түсуге болады.

Мәселен, «Кедейдің» 1928 жылғы 5-нөмірінде де басылымның бас редакторы меншікті тілшілерге тапсырма-нұсқаулығы басылды.

«Кедей» газетінің өңірлердегі тілшілері не жазу керек, қандай тақырыптарға материал әзірлеу керектігін баяндайды. Өңірлердегі тілшілер бірыңғай шаруа салығы жайын, оны төлеудің жайын, өтіс қарызы жайын, өңірлердегі астық бастыру хал-ахуалынан репортаж, ауыл салығы және т.б. кедей тап өкілдерін қызықтырған мәселелер жайында материал әзірлеуді тапсырады.

Осындай нұсқаулық-тапсырмалар басылымның «Басқарма атынан» айдарында тұрақты жарияланып тұрды.

Бұл жазба деректердің барлығы да редактордың басшылыққа алып отырған газет ісін

тиісті деңгейде ұйымдастыруға жауапкершілікпен қарағанын, газет ісін жандандырып отыруға, газет беттерін оқырманның қажетін өтейтіндей материалмен қамтамасыз етіп отыруға барынша күш салғанын көреміз.

Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібековтің «Кедей» газетінде жауапты редактор болып отырған кездегі ұмтылысы мен еңбегі еш зая кеткен жоқ.

Газет аудиториясының сұранысын айқындай отырып, редакция жұмысын тиімді үйлестіру, халықпен кері байланыс орнатуды жүйеге қою бағытындағы редактордың еңбегі өз жемісін берді. Басылымның таралымы бастапқы кезден үш есеге дейін көтеріліп, басқару жүйесінің баспа органы ғана емес, халықтың сұранысқа ие басылымына айналды.

Осының барлығы да алашордалық азаматтың редакция жұмысын шеберлікпен ұйымдастырып, біліктілікпен басқарғанын айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Жұртбай Т. Движение Алаш (сборник материалов судебных процессов над алашевцами). Трехтомный сборник документов и материалов. – Алматы: Ел-шежіре, 2011.
3. Алаш көсемсөзі: 10 томдық / ред. басқарған Н. Омашев. – Алматы: Өнер, 2010 – 2011.
4. Смағұлова С., Әнес Ф., Замзаева Т. Қазақ газеті 1913. – Алматы: Арыс, 2009. – 480 б.
5. Смағұлова С., Әнес Ф., Замзаева Т. Қазақ газеті 1914. – Алматы: Арыс, 2009. – 504 б.
6. Ақ жол: көптомдық / ред.басқ. Х. Есенқарақызы. – Алматы: Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы, 2012-2014.
7. Алаш көсемсөзі: көптомдық / ред. басқ. Қ. Сақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014.– 400 б.
8. «Алаш» қозғалысы / құрастырушылар: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. – Алматы: Руханият орталығы, 2008. – 552 б.
9. Ерікқызы Э. Алаш қайраткері Жанұзақ Жәнібековтің журналистік және публицистік қызметі. – Астана: «Мастер ПО» ЖШС, 2014. – 147 б.

References

1. Nazarbayev N.A. Tarih tolinynda [In the stream of history] (Almaty, Atamura, 1999, 296 p.). [in Kazakh]
2. Zhurtbay T. Dvizheniye Alash (sbornik materialov sudebnykh protsessov na alashevtsami) TrekhTomnyy sbornik dokumentov i materialov. [The Alash Movement (a collection of court proceedings on the Alashevites. Three-volume collection of documents and materials)] (Almaty, Yel-shezhire, 2011). [in Russian]
3. Alash kosemsozi: 10 tomdyk / red. baskargan N. Omashev. [Publicism of Alash: in 10 volumes / head of the editorial office of N. Omashev] (Almaty, Oner, 2010-2011). [in Kazakh]
4. Smagulova S., Anes G., Zamzaeva T. Kazak gazetі 1913. (Almaty, Arys, 2009, 480 p.). [in Kazakh]
5. Smagulova S., Anes G., Zamzaeva T. Kazak gazetі 1914. (Almaty, Arys, 2009. 504 p.). [in Kazakh]
6. Ak zhol: koptomdyk / red. baskargan Kh. Yesenkarakyzy [Ak Zhol: multivolume / head of the editorial office by H. Esenkaraky] (Almaty, Ontustik Kazahstan oblystyk sayasi kugyn-surgin kurbandary murajaiy, 2012-2014.) [in Kazakh]
7. Alash kosemsozi: koptomdyk / red. baskargan K. Sak [Publicism of Alash: multivolume / head of the editorial office K. Sak] (Almaty, Kazah entsiklopediyasy, 2014, 400 p.). [in Kazakh]

8. «Alash» kozgalysy / kurastyrushylar: E. Tileshov, D. Kamzabekuly, I. Nurakhmet. (Almaty, Rukhaniyat ortalygy, 2008, 552 p.). [in Kazakh]

9. Erikkyzy E. Alash kairatkeri Zhanuzak Zhanibekovtin jurnalistik jane publicitk kyzmeti [Journalistic and journalistic activities of the activist «Alash» Zhanuzak Zhanibekov] (Astana, Master PO, 2014, 147 p.). [in Kazakh]

Э.Е. Ибраева¹, Э. Кылычбаева²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Кыргызский национальный университет имени Ж. Баласагуна, Бишкек, Кыргызстан

Медиамеджерская деятельность Жанузака Жанибекова

Аннотация. Статья посвящена редакторской работе алашординца Жанибекова Жанузака Алжанулы в газете «Кедей», издававшейся в г. Актобе с 1926 по 1929 годы. Рассмотрена стратегическая работа Жанузака Алжанулы, направленная на эффективную координацию работы редакции, определение спроса газетной аудитории, установление обратной связи с населением, а также увеличение тиража издания. Вместе с тем общественный деятель в качестве редактора газеты организовывал работу журналистов в регионах, собирал информацию о стране, определял тематическую направленность материалов предстоящих изданий.

Управленческое мастерство деятеля «Алаш» Жанузака Жанибекова в тот период, когда он возглавлял газету «Кедей», задокументировано на основе конкретных научных фактов.

В статье с научной точки зрения анализируются статистические данные из архивных материалов, взятых из оригинальных подшивок газеты «Кедей».

Ключевые слова: Алашорда, Жанузак Жанибеков, редактор, менеджер, деятель, пресса.

E.E. Ibrayeva¹, E. Kylychbaeva²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²Jusup Balasagyn Kyrgyz National University, Bishkek, Kyrgyzstan.

Media management activity of Zhanuzak Zhanibekov

Abstract. This article discusses the editorial work of the activist “Alash” Zhanibekov Zhanuzak Alzhanuly in the newspaper “Kedey”, published in Aktobe from 1926 to 1929.

As the leader, the strategic work of Zhanuzak Alzhanuly will be considered, aimed at the effective coordination of the editorial work, determining the demand of the newspaper audience, establishing feedback with the public, as well as increasing the circulation of the publication. At the same time, the organizational aspect is the newspaper’s editor-organization of the work of journalists in the regions, informing about the country, determining the thematic focus of the upcoming number of publications.

The managerial skills of «Alash» figure Zhanuzak Zhanibekov in managing the newspaper «Kedey» are formulated and documented by specific scientific facts and historical figures.

The article scientifically analyzes and studies statistical data from archival materials, which was taken from the original files of the newspaper «Kedey».

Keywords: Alashorda, Zhanuzak Zhanibekov, editor, manager, activist, press.

Авторлар туралы мәлімет:

Ибраева Эльмира – негізгі автор, PhD, телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының доценті м.а., Журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Кылычбаева Эльмира – мерзімді баспасөз кафедрасының аға оқытушысы, Журналистика факультеті, Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек, Қырғызстан.

Ibraeva Elmira – **main author**, PhD, Assistant Professor of the Department of Teleradio and Public Relations of the Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Kylychbaeva Elmira – Senior lecturer of the Department of Periodicals of the Faculty of Journalism, Jusup Balasagyn Kyrgyz National University, Bishkek, Kyrgyzstan.

Press coverage of the consequences of famine in Kazakhstan and Ukraine: comparative analysis

Abstract. *One of the most tragic events in history was the artificial famine of 1929-1933 among the countries of the Soviet Union. As a result of the decision of the Communist Party to resettle Kazakhs and forced collectivization, the country suffered from hunger and mass exhaustion. People, deprived of their property, food and water, experienced terrible events. The people of Ukraine did not escape such a fate either. The two countries that gained independence at the same time reveal the secrets and truths of those dark years. In 2006, the Ukrainian parliament declared the 1929-1933 famine «genocide», calling it a deliberate assassination attempt on the people. Scientists are looking for evidence of historical justice and damage to the people and property of the country. Kazakhstani historians and researchers also continue to work on the restoration of historical justice. President Kassym-Jomart Tokayev instructed to create a special state commission to clarify the history of these years and establish historical justice. All this will help convey the true and reliable history of our sovereign country to the younger generation, pay tribute to the innocent victims of the famine, as well as justify the names of the Kazakh intelligent's who suffered from political repression. This article describes the tragic years in Kazakhstan and Ukraine, which suffered the most from famine during the Soviet era.*

Keywords: *famine, Holodomor, collectivization, national intelligent's, genocide.*

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-132-3-40-45>

Түсті: 21.08.20 / Қайта түзетілді: 16.09.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 30.09.20

Introduction. Some of the Kazakh people, who were subjected to man-made famine and full pressure from the authorities, were killed, and now some of them were forced to leave their livestock and move abroad. The difficulties of other kazakhs who stayed in their motherland did not finished with this. Intelligentsia and all those who close to them became “the enemies of people” and it discouraged the nation who was not prospering. The hidden secrets for seventy years had become known when the independence was announced. Otherwise if to deepen into unrevealed pages of our history it is known that suffered Kazakh intelligentsia hasn't been justified fully yet. The problem is an unavailability to get reach to the secret archive of Russia for domestic scientists. In this case The President of Kazakhstan Kassym-Zhomart Tokayev instructed to complete the reestablishing historical equity and to erect the

commission on justifying repressed people. “A great terror” brought a plenty of misery to the people who lived in USSR. In those years over five million people were deported from all over USSR. About one hundred thousand people were repressed and twenty thousand people were shot... Starved people and those who were forced to leave their homeland will be mentioned in this article. Nearly three million people were affected by the tragedy. We will open the way to a perfect future only by remembering each of the innocent victims,” he said. It gave us an opportunity to unravel the mysteries of history for domestic scientists. We believe now that we are not the country that is not starving because of illiteracy, but that we are trying to destroy the whole population by various means, by not being able to learn to settle down, by collectivization and deprivation.

Main part. Today, “the Holodomor” tragedy in Ukraine is recognized by 19 countries as

genocide and by several countries as a «crime against humanity.» In October 2018, a monument to the victims of the Ukrainian famine was opened in Canada. Earlier, the mayor of Austin, the capital of the US state of Texas, called the famine in Ukraine in 1932-1933 a «genocide against the Ukrainian people» and set a special day of remembrance. These events brought the Kazakh people back to the dark years and gave them a glimpse into history. The famine of 1929-1933 affected not only the Ukrainian people, but also every country in the Soviet Union. However it is known that Kazakhstan and Ukraine are the leaders in the loss of livestock. The population of Kazakhstan was decreased for 24 % from that hunger. Also Ukraine lost about 13, 3 % of its population. According to the social research of National Scientific Academy and demographical institution in 2017 this list is concluded with the countries such as Russia (3, 2%) and Belarus (1, 3%).

Historian Sarah Cameron, assistant professor of history at the University of Maryland-College Park in America: «during the famine, the Kazakh people, like Ukrainians, were subjected to violence by the Soviet government. For example, closing the borders so that hungry people do not escape across the border to another country, not bringing hungry residents closer to the city's territory, as well as creating a black list of areas affected by hunger. It is not superfluous to say that the latter was the subject of an assassination attempt on the Kazakhs. At the same time, Moscow also committed cruel, inhumane acts in Kazakhstan. In particular, the slaughter of thousands of hungry Kazakhs on the Kazakh-Chinese border, the expulsion of hungry Kazakhs from their land and pastures, all this led to the creation of Karlag, which was not in Ukraine. Well, there was no such camp in Ukraine. In fact, Kazakhs suffered more from famine than Ukrainians. As a result of the famine, Kazakhs underwent a cultural transformation, lost their nomadic way of life. And the Ukrainians survived it» [1], - says after a decade of research.

This famine was a different from other taboos. Many countries that were under the power of USSR had the famine. As the result of droughts

harvest was not grown well so people started starving and lost their livestock in 1921-1922. However hunger in 1931-1932 was the result of unsystematic planned policy of cruel authority. It all started with the idea of «collectivization», which Stalin's group wanted to rule over its nations. The plan "to destroy" an entire country and nation was implemented to the authority with the coming the secretary of the regional party committee of Kazakhstan Philip Isaevich Goloshchekin. Called bloody hand, F.I. Goloshchekin, began to organize the «Little October» event in Kazakhstan. He He may have felt the effects of collectivization, the starvation of the population, the opposition to the government of the Republic, the removal of former statesmen from positions of responsibility, and replaced them with people with little experience in the field, who strictly follow the authority. He slandered, persecuted and executed the intellectuals of the nation who opposed him. Land and property, which our ancestors preserved for centuries with the help of a spear, the power of the wrist, were not easily given by the people, and in many places Kazakh peasants protested against the actions of local authorities. In 1929, there were 143 strikes against local authorities and party leaders, in 1930 – 139, and in 1931 – 178; there was also a mass strikes of peasants. According to official documents, in the period from 1929 to 31, there were 372 peasant strikes in Kazakhstan. 80 thousand people attended to these strikes. According to the provided by the UPPA's (United political public administration) political secret department on December 1, 1931, there were 54 strikes in 1929, 77 in 1930, and 372 strikes in 1931, including all of them [2].

Riots and protests against the authorities were also frequent during the reign of Stanislav Kosior, general secretary of the Central Committee in Ukraine from 1927 to 1934. In this country, too, there was a forced collectivization of the collective farm, accusations of «kulaks», «nationalists», «counter-revolutionaries» and forced collectivization. Peasants became free labor by saying "You are got paid by your work". Peasants deprived of food and clothing began a mass strike against the authorities. Historics

mention about 4000 peasant strikes at the beginning 1930.

In 1920-1930 years USSR publications published the list of regions, collective farm, enterprise, even the names of ordinary people who could not executed the plan. Listed debtors on the "black board" were taxed and charged. At the time of hunger condition of those who included to this list was really harsh. They often had to work hard and be robbed of their last food and drink. This task was performed by local leaders who were ready «to over fulfill». The people from Kazakhstan, Ukraine, Kuban, Volga regions were hang on the «disgrace board» that did not receive the planned amount of bread. In August 1932, the «Five Harvest Laws» were enforced. According to the new law for the steel anything which belonged to the government it was forced to confiscate all property and sentenced to the prison for 10 years, in some cases it could be a death penalty. For the hidden taken "Little harvest" to make some bread foster mothers were sentenced to the prison. Officials unaware of the agriculture sent to the posts further aggravated the situation. Every single person for them seemed to be as "Counterrevolutionary element". I remind again that the government took these laws not accidentally. All was planned [3]. «Kazakh peasants have also been slandered under the Law on the Protection of Socialist Property, which is popularly known as the "Five Harvest Law." For the taking in order "to make the life end hidden harvest" they could be accused as "Looted the property of the collective farm" and sentenced to the death penalty.

According to the words of witness of Holodomor they were so exhausted, blinded, and starved to death that they had to eat the bodies of the dead. In Ukraine, 2,500 people were prosecuted for cannibalism.

In west countries, especially in Ukraine, it is focused on starve and a new information are publishing. Robert Conquest, one of the first scholars to study and write about the famine in the Soviet government, said: "The planned famine in Moscow was aimed at destroying Ukrainian peasants as a national stronghold.» Ukrainian peasants were annihilated, first of all, not

because they were peasants, but because they were Ukrainians» [4]. In 2006, the Verkhovna Rada of Ukraine declared a conspiracy to destroy its nation in 1929-1933, as genocide. Today, 19 countries of the world agree with this statement.

During his rule, I. Stalin was known for proving only the statements of his views on ideological issues, disagreeing with others, and trying to form an ideology that would ensure his own unlimited power. That's why to form political parties and to share with personal opinion were forbidden and any free opinions were suffocated. The authoritarian political system that emerged in the 1920s and 1930s restricted the right of classes, groups, and individuals to express their views freely and restricted their right to interfere in political power. Stalin put in practice his principle not only for one nation, but all nations in Soviet Union. He used every inhabitant of the countries under his control as a lifeless puppet that carried out his own scheming ideas. He aimed to make people praise only him and do what he ordered and worship him by becoming them slavery. Supporters and local leaders of Stalin surpass even him. The leadership did everything possible to double the task from above, to further provoke and narrow the country.

Isabel Ohio, a senior researcher at the French National Research Center, said: "The ideology of settlement has been combined with the replacement of traditional Kazakh economic and social practices. It is aimed to direct the development of Kazakhs from animal husbandry into planting or transition to sedentary livestock and elimination of tribal structures. The most severe blow for Kazakhs engaged in animal husbandry was the mass meat preparation campaign, which culminated in 1931.as the result of hunger the quantity of population decreased up to two billion three hundred or one third population of the republic and the number of cattle decreased from forty-five million to eight million. Thus, resettlement was followed by the resettlement of refugees who were unable to return to the livestock economy due to a catastrophic shortage of livestock and became entirely dependent on state assistance. Over one million Kazakhs had to resettle to neighboring

countries. The truth is hard to compare Kazakh hunger with any other. Ukraine lost 7 million people and it is only 15% of its population. But here 80% of Kazakhs died. It is not claimed as a Kazakh-directed genocide, but consequences exceeded even genocide" [5].

Starve of 1929-1930 was a common tragedy for all Soviet Union countries. During these years, the terrible famine caused by severe drought affected not only Kazakhstan and Ukraine, but also the Volga region, the Urals and Asia. This massacre was seen from every side to every nation. From one side was starve, from another side was constant oppression of the authorities was the reason of dying innocent people and in order to survive and to save offspring they had to leave their homeland. In an attempt to solve the threat to their country without a war, they accused the Kazakh intelligentsia and rebels of trying to distance themselves from the harsh policies of the authorities, and sentenced them to death, calling them «enemies of the people.» The darkness has not yet subsided; it has affected the demographic growth of the Kazakh people, the slowdown in economic development. Many of the traditions that our ancestors have preserved for centuries have not been passed on to the

present generation, and some have even been destroyed. Our culture has also stagnated. «This famine has devastated the Kazakhs so much that after this darkness, the Kazakhs even became a different nation. They are a minority in their own land. The root cause of the development of modern Kazakh culture and language dates back to that time. Famine killed the Kazakh culture" [6].

